

**2022 жылдың қараша айының 2-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Қарашаның екінші онкүндігінде күздік бидай өсірілетін аудандарда (республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында) түнгі уақытта ауа температурасының минус 6...13°C дейін төмендеуі Алматы облысының Қырғызсай және Ұзынағаш станциялары маңындағы учаскелерде күздік бидай вегетациясының тоқтауына себеп болды. Жауын-шашынның көп мөлшері топырақ ылғалының жиналуына қолайлы болды.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында байқалған учаскелерде күздік бидай егістіктерінде «дәннің өнуі» - «3-ші жапырақ» даму кезеңдері байқалды. Егіннің жай-күйі барлық жерде жақсы және өте жақсы.

Жайылымдық мал шаруашылығы аумағында қарашаның екінші онкүндігінде ауа-райы жауын-шашынды болды, қар жамылғысы солтүстікте, елдің орталығында, батыстың кей жерлерінде байқалады.

Шөптің жай-күйі негізінен жақсы және қанағаттанарлық, қар жамылғысы жоқ жерлерде.

Мал жаю барлық жерде жүргізілді, шөптерді жинау және мал қыстайтын жерлерге жем-шөп тасымалдау жалғасуда.

Жайылымдар әлсіз және орташа мөлшерде тапталған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында, Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында жайылымдық жерлер қатты тапталған.

Шымның күйі негізінен қатқақ және дымқыл.